20322144627

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 13 қыркүйек №4360-23-00-2/1506 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Сансызбаева,
сот отырысының хатшысы Ғ.Б.Қуанышбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Nartai Industries» атынан әрекет етуші Даниал Талғатұлы Айдарбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Тұрғанбекұлы М.
талап қоюшының өкілі Д.У.Бохаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) арасында 2023 жылғы 1 ақпандағы № 9087074-ЗЦП1 «Бағалы ұсынныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде 2023 жылғы 8 ақпанда №109-2023 тауарларды мемлекеттік сатып алу шарты (бұдан әрі-Шарт) жасалған.

Шарттың 2.1-тармағына және 1-қосымшаға сәйкес, жауапкер 255 000 теңгеге 30 бір буда «фотоқағаз» тауарын Шарт аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Шарттың 8.1 тармағына сәйкес, Шарт тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 20.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 23.10.2023, судья Сансызбаева А. М., 24.10.2023
4360-23-3-6/75

тіркегеннен кейін бастап күшіне енеді және 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Шарт аумақтық қазынашылық органында 2023 жылғы 9 ақпанда тіркелген.

Тауар 2023 жылғы 25 ақпанда жеткізілу қажет болған, алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамаған.

2022 жылғы 27 ақпанда талап қоюшы жауапкерге шарттың біржақты бұзылатыны жөнінде ескертпе жолдап, жауапкер «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген шектеулерді бұзғаны үшін шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін тиісті түрде орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаппен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа жазбаша пікірін ұсынбады.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін айтып, талап қоюды толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанымен, сот отырысына дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, істі жауапкердің қатысуынсыз қарау ұйғарылды.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің (бұдан әрі - АК) 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-тің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-тің 386-бабының 1-тармағына сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 20.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 23.10.2023, судья Сансызбаева А. М., 24.10.2023
4360-23-3-6/75

Сот отырысында анықталғандай, Тауар 2023 жылғы 25 ақпанда жеткізілу қажет болған, алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамаған, шарт біржақты бұзылған.

Жауапкер тауарды осы уақытқа дейін талап қоюшыға жеткізбей және веб-портал арқылы тауарды қабылдап алу-беру актісін жолдамай, шарт бойынша өзінің міндеттемесін орындамаған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде жүгінген.

Осы анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану талабы негізді, қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша:

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Шарттың осы тармағына сәйкес, талап қоюшы жауапкерден 2023 жылғы 26 ақпан мен 14 наурыз аралығы, яғни 17 күнге 4335 теңге (255 000 * 0,1% * 17) тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот, талап қоюшының есебі дұрыс және талап қоюдың бұл бөлігі де қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1855 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Nartai Industries» атынан әрекет етуші Даниал Талғатұлы Айдарбекті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Nartai Industries» атынан әрекет етуші Даниал Талғатұлы Айдарбек мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Nartai Industries» атынан әрекет етуші Даниал Талғатұлы Айдарбектен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы 4335 (төрт мың

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 20.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 23.10.2023, судья Сансызбаева А. М., 24.10.2023
4360-23-3-6/75

үш жүз отыз бес) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 855 (бір мың сегіз жүз елу бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Сансызбаева

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 20.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 23.10.2023, судья Сансызбаева А. М., 24.10.2023

4360-23-3-6/75